

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 наурыздағы №65 "Батыс Қазақстан облысының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар мәртебесі бар медициналық үйымдары басшысының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық жалақысының мөлшерлерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы беру жүйесін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 30 шілдедегі № 180 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 5750 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 285 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 24.11.2023 № 285 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған қунینен бастап қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 15 наурыздағы №65 "Батыс Қазақстан облысының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындар мәртебесі бар медициналық үйымдары басшысының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық жалақысының мөлшерлерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы беру жүйесін белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4308 тіркелген, 2016 жылы 31 наурызда "Орал өнірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Н.Беркінғали) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық

бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Б.Т.Қонысбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2019 жылғы  
30 шілдедегі № 180 қаулысына  
қосымша

**Батыс Қазақстан облысының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мәртебесі бар медициналық ұйымдары басшысының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлері, сыйлықақы беру және басқалай сыйақы төлеу жүйелері**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Батыс Қазақстан облысының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (бұдан әрі – ШЖҚ МҚК) мәртебесі бар медициналық ұйымдары басшысының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлері, сыйлықақы беру және басқалай сыйақы төлеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртібі) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының негізінде, басқарушы қызметкерлерге еңбекақы төлеу және уәждемелеу мәселелерінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында жасалды және Батыс Қазақстан облысының ШЖҚ МҚК мәртебесі бар медициналық ұйымдарының басқарушы қызметкерлеріне жұмыс нәтижелері бойынша еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру, сондай-ақ сыйақы төлеу жүйесін, тәртібін және шарттарын айқындайды.

### **2. Негізгі ұйымдар:**

1) лауазымдық жалақы – уақыт бірлігі үшін, белгілі бір күрделілікте (біліктілік) еңбек нормаларын (еңбек міндеттерін) орындағаны үшін қызметкердің еңбегіне тиянақталған мөлшердегі ақы төлеу;

2) еңбекақы төлеу – жұмыс берушінің қызметкерге оның еңбегі үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімшарттарға, еңбек және ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес міндетті төлемді қамтамасыз етуімен байланысты қатынастар жүйесі;

3) нәтижеліліктің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ННК) – бұл ұйым қызметінің табысқа қол жеткізу көрсеткіші, мақсатқа қол жеткізу дәрежесінің шамасы;

4) уәждемелік ННК – басқаруши қызметкерлерге сыйақы беру жүйесіне олардың күштерін аталған есептік кезеңдегі басым мақсаттарға бағыттау үшін енгізілген көрсеткіштер;

5) корпоративтік ННК – Кәсіпорынның жұмыс нәтижелілігі үшін (Даму жоспарының көрсеткіштеріне қол жеткізу) сыйлықақы беру мөлшерін анықтайтын және Кәсіпорынның басқаруши қызметкерлерінің барлығына бірдей бірыңғай болып табылатын уәждемелік ННК түрі;

6) функционалдық ННК – әр қызметкерге саралана белгіленетін және басқаруши қызметкердің нәтижелілік үшін сыйлықақы мөлшерін анықтайтын уәждемелік ННК түрі;

7) ННК салмағы – аталған көрсеткіштің басқа көрсеткіштерге қатысты маңыздылығын, басымдығын айқындайтын коэффициент;

8) шек – әдетте келесі мағыналардың ішіндегі үздігіне: жоспарлы жылға арналған жоспарлы мағынаға (Даму жоспарынан) және жоспарлының алдындағы жылдың нақты мағынасына сәйкес келетін, лауазымдық міндеттерді адаптациянда жоғары ықтималдылықпен қол жеткізілетін, қызметтің нәтижесінен ең аз күтілімдерді сипаттайтын ННК мағынасы;

9) мақсат – қызметтің жоғары нәтижелілігінің күтілетін деңгейін сипаттайтын ННК мағынасы;

10) шақыру – Кәсіпорынның өршіл жоспарларын іске асыруға ықпал ететін, қызметтің үздік нәтижелерін сипаттайтын ННК мағынасы;

11) ННК бойынша нәтижелілік – ННК бойынша мақсатты деңгейлерге қол жеткізу дәрежесін анықтайтын шама;

12) қорытынды нәтижелілік – барлық уәждемелік ННК бойынша олардың салмағын ескерумен орташа өлшенген нәтижелілік.

3. Кәсіпорындардың басқаруши қызметкерлеріне мыналар жатады: бірінші басшы;

басшының медициналық бөлім бойынша орынбасары (медициналықұйымның атқаратын қызметіне байланысты);

басшының оку жұмыстары бойынша орынбасары;

басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау бойынша орынбасары;

басшының оку-тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары;

басшының оқу-өндірістік жұмыстар бойынша орынбасары;

басшының кәсіби оқыту бойынша орынбасары;

басшының экономикалық жұмыстар бойынша орынбасары (бас экономист);

бас бухгалтер;

басшының әкімшілік-шаруашылық жұмыстар бойынша орынбасары;  
басшының мейіргерлік іс бойынша орынбасары.

4. Кәсіпорындардың басқарушы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру кәсіпорынның ағымдағы қаржылық жылға арналған қаржылық-шаруашылық қызметінің жоспарындағы (Даму жоспары) еңбекақы төлеуге көзделген қаражаттар есебінен жүргізіледі.

## **2. Облыстың, облыстық маңызы бар қаланың және ауданның медициналық ұйымдары және кәсіпорындардың басқарушы қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлері**

5. Облыстың, облыстық маңызы бар қаланың медициналық ұйымдары:

1) облыстың, облыстық маңызы бар қаланың медициналық ұйымдары – стационарлық, стационар алмастыратын медициналық көмек көрсететін ұйымдар, басым бағыттарды ескерумен медициналық көмек көрсететін ұйымдар:

бірінші басшы 19-дан 29 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының медициналық бөлім бойынша орынбасары 15-тен 25 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау бойынша орынбасары (ішкі аудит) 13-тен 23 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының экономикалық жұмыстар бойынша орынбасары (бас экономист) 11-ден 21 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

бас бухгалтер 11-ден 21 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының әкімшілік-шаруашылық жұмыстар бойынша орынбасары 9-дан 19 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының мейіргерлік іс бойынша орынбасары 8-ден 18 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

2) облыстың, облыстық маңызы бар қаланың медициналық ұйымдары – стационарлық, стационар алмастыратын көмек, амбулаториялық-емханалық, консультациялық-диагностикалық көмек, алғашқы медициналық-санитариялық, жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсететін, қан және оның компоненттерін дайындайтын, сондай-ақ орта буын медицина қызметкерлерін даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыратын ұйымдар:

бірінші басшы 15-тен 25 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының медициналық бөлім бойынша орынбасары 12-ден 22 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының оқу жұмыстары бойынша орынбасары 12-ден 22 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау бойынша орынбасары (ішкі аудит) 10-нан 20 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының оқу-тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары 10-нан 20 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының оқу-өндірістік жұмыстар бойынша орынбасары 10-нан 20 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының кәсіби оқыту бойынша орынбасары 10-нан 20 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының экономикалық жұмыстар бойынша орынбасары (бас экономист) 10-нан 20 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

бас бухгалтер 10-нан 20 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының әкімшілік-шаруашылық жұмыстар бойынша орынбасары 9-дан 19 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының мейіргерлік іс бойынша орынбасары 8-ден 18 базалық лауазымдық жалақыға дейін.

#### 6. Аудандық медицина ұйымдары:

аудандық медициналық ұйымдар – стационарлық, стационар алмастыратын көмек, оңалту және қалпына келтіру, амбулаториялық-емханалық, алғашқы медициналық-санитариялық, кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсететін ұйымдар:

бірінші басшы 12-ден 22 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының медициналық бөлім бойынша орынбасары 10-нан 20 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының медициналық қызметтер сапасын бақылау бойынша орынбасары (ішкі аудит) 9-дан 19 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының экономикалық жұмыстар бойынша орынбасары (бас экономист) 9-дан 19 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

бас бухгалтер 9-дан 19 базалық лауазымдық жалақыға дейін;

басшының әкімшілік-шаруашылық жұмыстар бойынша орынбасары 7-ден 17 базалық лауазымдық жалақыға дейін.

7. Кәсіпорындардың басқарушы қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлері орындалатын жұмыстың күрделілігін, қызметтің ерекшелігін және ауқымын және онымен байланысты тәуекелдерді, еңбек спецификасын, кәсіпорынның облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі мен орнын ескерумен сарапана анықталады.

Лауазымдық жалақылардың мөлшерлерін анықтау барысында (ауыр (аса ауыр) деңе жұмыстарында және зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлерге төленетін қосымша ақылар мен ұстеме ақыларды есептемегендеге), нормативтік құқықтық актілермен белгіленген барлық қосымша ақылар мен ұстеме ақылар ескерілді.

8. Тиісінше қосымша ақылар мен үстеме ақыларды ескерумен негізгі лауазым бойынша жұмыс уақыты шегінде сәйкес мамандық маманының лауазымдық жалақысының 50%-ға дейінгі мөлшерде лауазымдарды қоса атқарғаны үшін (қызмет көрсету аймағының қеңеюі) қосымша ақы төлеуге рұқсат етіледі.

9. Кәсіпорындардың басқарушы қызметкерлерінің ұйымдағы қызметін бағалау нәтижелері бойынша олардың лауазымдық жалақыларын түзету "Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі әзірлеген индикаторларға сәйкес тоқсан сайын үнемі қызмет ететін комиссиямен анықталады.

Кәсіпорындардың басқарушы қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын түзету Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленеді.

10. Кәсіпорындардың басқарушы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жалақы қорының шегінде жүзеге асырылады.

### **3. Басқарушы қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау**

11. Басқарушы қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау шарасы келесі кезеңдерден тұрады:

- 1) уәждемелік ННК анықтау, мақсаттық мағыналарды қою;
- 2) уәждемелік ННК бекіту;
- 3) нәтижелілікті мониторингтеу;
- 4) нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

Уәждемелік ННК Кәсіпорынның стратегиялық мақсаттарын нақты көрсеткіштерге каскадтау жолымен осы Тәртіпке 1-қосымшага сәйкес нысан бойынша ННК картасы түрінде әзірленеді.

12. Басқарушы қызметкерлерге арналған ННК карталарын Кәсіпорынның жауапты бөлімшесі байқау кеңесінің қатысуымен әзірленеді және басқарушы қызметкерлер ННК санының оңтайлылығы (3-7), таразыларды қою және мақсатты мағыналардың дұрыстығына келіседі.

13. ННК карталарын Кәсіпорын есептік кезеңінің 31 наурызынан кешіктірмей, белгіленген тәртіпте Байқау кеңесіне немесе басқару органының келісіүне ұсынады.

14. Басқарушы қызметкерлердің уәждемелік ННК орындаудың мониторингтеуді тоқсан сайын Кәсіпорынның Байқау кеңесі, ол болмаған жағдайда – басқару органы жүзеге асырады.

15. ННК картасын түзету көрсеткіштері бойынша нәтижелілікке маңызды әсер ететін күтпеген жағдайлардың туындауы барысында немесе келесі себептер бойынша жауапты бөлімшемен жүзеге асырылады:

- 1) қызметтің жаңа бизнес-процесстерінің/бағыттарының пайда болуы/бұрыннан барларынан бас тарту;

- 2) Кәсіпорынның ұзақ мерзімдік даму стратегиясын түзету;
- 3) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық құрылымын өзгерту.

Бұл ретте, ННК карталары есептік кезеңнің 1 қыркүйегінен кейін түзетілмейді.

16. Белгілі бір бизнес-процесс/қызмет бағыты үшін жауапты қызметкер ауысқан жағдайда, жауапты бөлімше келісу/түзету және белгіленген тәртіпте кейіннен бекіту үшін ННК картасын бизнес-процесс/қызмет бағыты үшін жауапты қызметкердің дереу қаперіне жеткізеді.

17. Есептік кезеңнің аяқталу нәтижелері бойынша басқарушы қызметкерлер осы Тәртіпке 2-қосымшаға сәйкес нысанда нақты мағыналары бар ННК карталарын толтырады және оларды Кәсіпорынның жауапты бөлімшелеріне тапсырады.

18. Кәсіпорынның жауапты бөлімшесі ННК нақты мағынасын нәтижелілік пайыздарына ауыстырады, сыйлықақы беру мөлшерлерінің есебін жүргізеді және Кәсіпорынның басқарушы органдың сыйлықақы төлеу/төлемеу жөніндегі шешімін одан әрі қарай қабылдауы үшін ұсынымдар әзірлейді.

#### **4. Сыйлықақы төлеу тәртібі және шарттары (жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы беру)**

19. Тәртіп Кәсіпорынның басқарушы қызметкерлеріне сыйлықақы төлеу шарттарын белгілейді және келесі қағидаларға сүйенеді:

1) сыйлықақы берудің Кәсіпорынның және оның басқару органдың мүдделдеріне жауап беретін міндеттерді орындаумен өзара байланысы;

2) сыйлықақы мөлшерінің Кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

20. Кәсіпорындардың басқарушы қызметкерлеріне еңбек мотивациясын арттыру мақсатында, еңбекақы төлемінің қоры шегінде, келесі мереке күндеріне Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы Заңымен сәйкес жылға белгіленген 2 лауазымдық жалақыдан аспайтын мөлшердегі сыйлықақы жүргізуі мүмкін:

- 1)Медицина қызметкері күніне;
- 2) Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне.

21. Қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы беру қол жеткізген табыстары және жұмыс тиімділігін арттырулары үшін материалдық көтермелемеу мақсатында жұмыс нәтижелеріне байланысты төленеді, үнемі сипатта емес және орташа жалақыны есептеу барысында ескерілмейді.

22. Қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы беру, тәртіптік жазаның әрекет ету мерзімін есептемегендеге, сәйкес лауазым бойынша нақты атқарылған жұмыс уақытына үйлесімді есептеледі. Сыйлықақыны есептеу үшін кезекті еңбек

демалысында болу уақыты (жұмыс күндері), қызметтік іссапарда (соның ішінде біліктілігін арттыру курсарында) болу кезеңі нақты атқарылған жұмыс уақытына енгізіледі.

23. Кәсіпорын басшыларына қызмет нәтижелері бойынша келесі жағдайларда сыйлықақы төленбейді:

қаржылық жылдың нәтижелері бойынша оң қаржылық нәтиже болмаған жағдайда;

жыл қорытындылары бойынша жекелеген корпоративтік ННК шектік мағыналарының орындалмауында;

есептік жыл үшін функционалдық ННК орындалуының қорытынды нәтижелілігі 50%-дан кем (қоса) құрағанда.

24. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 50, 51-бабымен, 52-бабының 1-тармағының 2), 6), 19) (басқарушы қызметкердің кінесі болмаған жағдайда), 20) тармақшаларымен, 56-бабымен, 57-бабының 1-тармағының 1), 3), 5) және 6) тармақшаларымен, 59-бабымен көзделген негізdemeler бойынша еңбек шартын тоқтату (бұзу) жағдайында, басқару органының шешімі бойынша, есептік кезеңің қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы беру осы Тәртіпке сәйкес, белгіленген тәртіpte бекітілген ННК Картасының болуы жағдайында, нақты атқарылған жұмыс уақытына үйлесімді жүргізіледі.

25. Қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы беру, есептік кезең үшін аудиттелген қаржылық есептіліктің негізінде қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері белгіленген тәртіpte бекітілгеннен кейін, Кәсіпорынның Даму жоспарындағы осы мақсаттарға көзделген ақша қаражаттары шегінде төленеді.

26. Қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы төлеу мөлшерін осы Тәртіпке З-қосымшада келтірілген әдістемеге сәйкес есептеу ұнынылады.

27. Сыйлықақыны есептеу және төлеу бойынша осы Тәртіппен реттелмеген мәселелер бойынша шешімдерді басқару органы қабылдайды.

28. Қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы төлеуге нақты қаражат сомасын қалыптастыру резервті құру жолымен бухгалтерлік есепте жүргізіледі.

29. Жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы төлеудің негізгі шарты сыйлықақы төлеу үшін жоспарланған соманы ескерумен есептелген жылдың қорытынды кірісінің болуы болып табылады.

30. Жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы алу құқығына есептік жылға бекітілген ННК нәтижелері бойынша, тәртіптік жазага тартылмаған, есептік кезеңде 6 (алты) айдан кем емес нақты жұмыс уақытын атқарған басқарушы қызметкерлер, сондай-ақ есептік жыл үшін ННК карталары бекітілген жұмысқа жаңадан кірген басқарушы қызметкерлер, сондай-ақ есептік кезеңің 1 тамызына дейін ННК карталары бекітілген жұмысқа жаңадан қабылданған басқарушы қызметкерлер ие.

31. Жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы төлеудің шекті мөлшері басқарушы қызметкердің 2 (екі) лауазымдық жалақысынан аса алмайды.

32. Жыл ішіндегі жұмыс нәтижелері бойынша сыйлықақы беруге қаражаттарды жоспарлау қорытынды кірістің жоспарланған көрсеткішіне байланысты жүргізіледі.

Батыс Қазақстан облысының  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорын  
мәртебесі бар медициналық  
ұйымдары басшысының, оның  
орынбасарларының және бас  
бухгалтерінің лауазымдық  
жалақыларының мөлшерлері,  
сыйлықақы беру және басқалай  
сыйлақы төлеу жүйелеріне  
1-қосымша

### Мақсатты мағыналары бар ННК картасы

#### Лауазымның атауы, тегі, аты, әкесінің аты

№	ННК атауы	Өлшем бірлігі	Салмағы	Шегі	Мақсаты	Шақыры
1	2	3	4	5	6	7
1	Корпоративтік ННК					
	1)					
	2)					
	п)					
2	Функционалдық ННК					
	1)					
	2)					
	п)					

Келісілді:

№	Лауазым	Тегі, аты, әкесінің аты	Колы, күні
---	---------	-------------------------	------------

Толтырылған күні " \_\_ " 20 \_\_ жыл

Батыс Қазақстан облысының  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорын  
мәртебесі бар медициналық  
ұйымдары басшысының, оның  
орынбасарларының және бас  
бухгалтерінің лауазымдық  
жалақыларының мөлшерлері,  
сыйлықақы беру және басқалай

## Нақты мағыналары бар ННК картасы

Лауазым атавы, тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

№	ННК атавы	Өлшем бірлігі	Салмағы	Нақты	Нәтижелілік (%)	Корытынды нәтижелілік (б.4*б.6)
1	2	3	4	5	6	7
1	Корпоративтік ННК					
	1)					
	2)					
	п)					
2	Функционалдық ННК					
	1)					
	2)					
	п)					

Келісілді:

№	Лауазым	Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы, куні
---	---------	-------------------------	------------

Толтырылған күні " \_\_ " 20\_\_ жыл

Батыс Қазақстан облысының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мәртебесі бар медициналық үйимдары басшысының, оның орынбасарларының және бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерлері, сыйлықақы беру және басқалай сыйақы төлеу жүйелеріне  
3-қосымша

## Қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы төлеу мөлшерін есептеу әдістемесі

1. Қызмет нәтижелері бойынша сыйлықақы берудің базалық мөлшері (В) мына формула бойынша есептеледі:

$$B=O_{\text{жыл}} * \text{Пр}/2 \quad (1)$$

мұнда:

О жыл – басқарушы қызметкердің есептік кезеңдегі нақты атқарған жұмыс уақыты үшін лауазымдық жалақысының жылдық сомасы;

Пр – жылдық лауазымдық жалақыға еселенген сыйлықақы шекті мөлшерінің коэффициенті.

2. Кәсіпорын жұмысының нәтижелілік үшін сыйлықақы мөлшері (Вк) мына формула бойынша есептеледі:

$$B_k = D_k * K_1 \quad (2)$$

мұнда:

В – сыйлықақының базалық мөлшері;

$D_k$  – корпоративтік ННК орындалуы үшін сыйлықақы беру мөлшері;

$K_1$  – басқарушы қызметкердің корпоративтік ННК бойынша қол жеткізген нәтижелілігіне тәуелді коэффициент.

3. Басқарушы қызметкердің нәтижелілігі үшін сыйлықақы төлеу мөлшері (Вр) мына формула бойынша есептеледі:

$$B_r = D_f * K_2 \quad (3)$$

мұнда:

В – базалық сыйлықақы мөлшері;

$D_f$  – функционалдық ННК орындағаны үшін сыйлықақы үлесі;

$K_2$  – қызметкердің қол жеткізген функционалдық ННК нәтижелілігіне тәуелді коэффициент.

4. Корпоративтік және функционалдық ННК орындау үшін сыйлықақы үлесі лауазымның Кәсіпорынның стратегиялық мақсаттардың орындалуына әсер ету дәрежесіне сәйкес лауазымдар деңгейлеріне тәуелді және 1-кестеге сәйкес есептеу ұсынылады.

1-кесте

#### **Корпоративтік және функционалдық ННК орындау үшін сыйлықақы үлесі**

Лауазым атауы	Корпоративтік ННК	Функционалдық ННК
Бірінші басшы	80%	20%
Бірінші басшының орынбасарлары	70%	30%

5. Сыйлықақы берудің жылдық мөлшері (Вжыл) Кәсіпорын жұмысының нәтижелілігі үшін сыйлықақы беру (Вк) және қызметкердің нәтижелілігі үшін сыйлықақы беру (Вр) сомасы ретінде есептеледі:

$$B_{жyл} = B_k + B_r \quad (4)$$

6. Қызметкердің нәтижелілігін бағалау 2-кестеде келтірілген сұлба бойынша есептеледі.

2-кесте

#### **ННК бойынша бағалау нәтижелілігі**

ННК бойынша нақты мағына	ННК бойынша нәтижелілік, %
шектен төмен	0
шекке тең	75

шек және мақсат арасында	(накты-шек/мақсат-шек)*25+75
мақсатқа тең	100
мақсат және шек арасында	(накты-мақсат/шакыру-мақсат)*25+100
шакырудан артық немесе тең	125

7. Барлық НКК бойынша қорытынды нәтижелілік мына формула бойынша есептеледі:

$n_i = \ln HKK_i$  бойынша нәтижелілік \*  $HKK_1$  салмағы

мұнда:

$n$ -НКК саны;

$i$ -НКК реттік нөмірі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК